

**«Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы»  
акционерлік қоғамы**

**БЕКІТЕМІН**


**«Нұрсұлтан Назарбаев  
халықаралық әуежайы» АҚ  
Басқарма төрағасы**

  
**Г. Тажимуратов**  
2021 жылғы «05» 05

**САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ**

**«Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы» акционерлік қоғамының  
сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты**

**Нұр-Сұлтан қаласы**



## МАЗМҰНЫ

1.	Жалпы ережелер	3
2.	Қолдану саласы	3
3.	Терминдер, анықтамалар және қысқартулар	3
4.	Жауапкершілік	4
5.	Сипаттамасы	5
5.1.	Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартының мақсаты, міндеттері мен қағидаттары	5
5.2.	Сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу үшін жұмыскерлердің жүріс-тұрыс қағидалары	5
5.3.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды орындау	9
6.	Келісу парағы	10
7.	Өзгерістерді және/немесе толықтыруларды тіркеу парағы	11
8.	Танысу парағы	12



## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі бекіткен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды әзірлеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес әзірленді және «Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы» АҚ (бұдан әрі - Қоғам) қызметінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар, тыйым салулар мен шектеулер жүйесін білдіреді.

## 2. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

2. Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт:

1) Қоғаммен еңбек қатынастарындағы Қоғамның барлық жұмыскерлеріне;  
2) контрагенттерге, сондай-ақ тиісті міндеттер олармен жасалған шарттарда олардың ішкі құжаттарында бекітілген жағдайларда өзге де адамдарға қолданылады.

3. Қоғамның барлық жұмыскерлері Қоғамның осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартын басшылыққа алуға және оның талаптарын мүлтіксіз сақтауға міндетті.

4. Қоғамның барлық жұмыскерлеріне тікелей немесе жанама түрде, жеке өзі немесе үшінші тұлғалардың делдалдығы арқылы, өзіне немесе үшінші тұлғаларға кез келген материалдық немесе жеке пайда алу не басқа жеке және заңды тұлғалардың аталған тұлғаға мұндай пайданы заңсыз беруі мақсатында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың туындауына әкеп соғуы мүмкін әрекеттерге қатысуға тыйым салынады.

## 3. ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

5. Осы құжатта мынадай терминдер мен анықтамалар қабылданған:

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт** - қоғамдық қатынастардың оқшауланған саласы үшін белгіленген, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесі;

**Контрагент** - еңбек қатынастарын қоспағанда, Қоғам шарттық қатынастарға түсетін кез келген қазақстандық немесе шетелдік заңды немесе жеке тұлға;

**Мүдделер қақтығысы** - Қоғам жұмыскерінің жеке мүддесі (тікелей немесе жанама) оның еңбек және лауазымдық міндеттерін тиісінше орындауына ықпал ететін немесе ықпал етуі мүмкін және жұмыскердің жеке мүдделілігі мен Қоғамның құқықтары мен заңды мүдделерінің арасында қоғамның құқықтары



мен заңды мүдделеріне, мүлкіне және (немесе) іскерлік беделіне зиян келтіруге қабілетті қайшылық туындайтын немесе туындауы мүмкін жағдай;

**Сыбайлас жемқорлық** - жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу;

**Сыбайлас жемқорлық әрекеті** - сыбайлас жемқорлық белгілері бар немесе оны жасауға ықпал ететін Қоғам жұмыскерінің әрекеті немесе әрекетсіздігі;

**Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық** – бұл үшін заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы, кінәлі түрдегі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелі** – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл** - Қоғам Басқармасының және Қоғам жұмыскерлерінің өз өкілеттіктері шегіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі;

**Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу** – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі.

#### 4. ЖАУАПКЕРШІЛІК

6. Ішкі қауіпсіздік департаменті:

1) Қоғамда ақпараттық және экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі шараларды ұйымдастыру;

2) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеушілік талаптар мен ең үздік халықаралық практиканың сақталуын қамтамасыз ету;

3) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарын сақтауды қамтамасыз ету үшін жауапты болады.

7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс:



1) Қоғам қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету жөніндегі жұмысты үйлестіру;

2) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы, сыбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сот практикасындағы өзгерістерді мониторингтеу және талдау үшін жауапты болады.

8. Қоғам жұмыскерлері:

1) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық не сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын құқық бұзушылық жасағаны үшін;

2) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қағидаттарын сақтау үшін жауапты болады.

9. Қоғам Басқармасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралардың тиімді іске асырылуы үшін жауапты болады.

## **5. СИПАТТАМАСЫ**

### **5.1 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың мақсаты, міндеттері мен қағидаттары**

10. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың мақсаты сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу, Қоғамның, оның жұмыскерлері мен басшы құрамының қызметінде сыбайлас жемқорлық көріністеріне құқықтық сауаттылықты және нөлдік төзімділікті арттыру болып табылады.

11. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың міндеттері:

1) «Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы» АҚ-да жұмыс істейтін адамдарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-құлықты қалыптастыру;

2) Сыбайлас жемқорлық көріністерін дер кезінде анықтау және олардың жағымсыз салдарының алдын алу.

12. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың қағидаттары мыналар болып табылады:

1) заңдылық;

2) транспаренттілік;

3) әдептілік;

4) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау және оларды сыбайлас жемқорлық көріністерінен қорғау;

5) мүдделер қақтығысын болдырмау.

### **5.2 Сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу үшін жұмыскерлердің жүріс-тұрыс қағидалары**

13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт «Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы» АҚ-да жұмыс істейтін адамдардың белгіленген



қағидаларды мүлтіксіз сақтауға және сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуға бағытталған іс-әрекеттері мен шешімдерін айқындайды.

14. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың негізінде келесі жағдайларда сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу тұрғысынан лауазымдық міндеттерді орындау бойынша тікелей іс-қимылдар салынған:

- 1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартта қозғалатын салада жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде;
- 2) лауазымдық міндеттерін орындау кезінде
- 3) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға байланысты мемлекеттік және өзге де сатып алуды жүзеге асыру кезінде;
- 4) өз құзыреті шегінде басқарушылық және өзге де шешімдерді даярлау және қабылдау кезінде;
- 5) қызметкерлерді іріктеу және орналастыру жөніндегі кадр жұмысын ұйымдастыру кезінде;
- 6) нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындау кезінде;
- 7) өзге де қоғамдық маңызы бар қатынастарда.

15. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарымен қозғалатын салада жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде:

- 1) Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алу;
- 2) адал, әділ, қарапайым болу, жеке тұлғалармен, заңды тұлғалардың өкілдерімен және әріптестерімен қарым-қатынаста жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын сақтау, сыпайылық пен әдептілік таныту;
- 3) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын шешімдерді қабылдаудың ашықтығын қамтамасыз ету;
- 4) өзінің іс-әрекетімен және мінез-құлқымен Қоғам тарапынан айтылатын сынға себепкер болмау, сынағаны үшін қудалауға жол бермеу, орынды сынды кемшіліктерді жою мен өзінің қызметін жақсарту үшін пайдалану;
- 5) жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде ықпал ету үшін өзінің қызметтік жағдайын пайдаланбау;
- 6) шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратпау;
- 7) жасағаны үшін заңнамада тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық көзделген құқық бұзушылықтар мен теріс қылықтарды жасауға жол бермеу;
- 8) еңбек заңнамасының орындалуын, еңбек режимі мен жағдайларының сақталуын қамтамасыз ету қажет.

16. Лауазымдық міндеттерін орындау кезінде:

- 1) жеке және заңды тұлғалар құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын және қорғалуын қамтамасыз ету, құзыреті шеңберінде жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін заңнамада белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қарау, олар бойынша қажетті шаралар қабылдау;



2) функционалдық міндеттерді орындауда нормативтік құқықтық актілерде көзделмеген құжаттарды талап етуге жол бермеу, сол сияқты қағазбастылықтан (төрешілдіктен) аулақ болу;

3) қызметтік міндеттерін тиімді атқару үшін өзінің кәсіби деңгейі мен біліктілігін арттыру, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектеулер мен тыйымдарды сақтау;

4) мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу мақсатында таратуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдаланбау қажет.

17. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға байланысты мемлекеттік және өзге де сатып алуды жүзеге асыру кезінде Қоғам жұмыскерлері:

1) сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау;

2) Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін әлеуетті жеткізушілерге тең мүмкіндіктер беру;

3) сатып алу процесінің ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз ету;

4) сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу;

5) борышкерлердің бірыңғай тізіліміне енгізілген әлеуетті жеткізуші және (немесе) ол тартатын қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) ретінде қатысуға жол бермеу;

6) әлеуетті жеткізушінің бірінші басшыларының және (немесе) осы әлеуетті жеткізушінің уәкілетті өкілінің жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) немесе жекжаттары жеткізушіні таңдау туралы шешім қабылдау құқығына ие болса не өткізілетін мемлекеттік сатып алуда Тапсырыс берушінің немесе мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының өкілдері болып табылса өткізілетін мемлекеттік сатып алуға қатысуға жол бермеу;

7) отандық тауар өндірушілерге, сондай-ақ жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді отандық берушілерге Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға қайшы келмейтін шамада қолдау көрсету қажет.

18. Өз құзыреті шеңберінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде:

1) қызметтік міндеттерді орындау кезінде мүдделер қақтығысының, жеке бас мүддесінің туындағаны туралы, сыбайлас жемқорлық мінез-құлыққа және сыйлықтар алуға көндіру туралы тікелей немесе тікелей басшыға баяндау;

2) жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде ықпал ету үшін өзінің қызметтік жағдайын пайдаланбау;

3) әріптестерге, басшыларға және өзге де лауазымды адамдарға лауазымдық өкілеттіктерді пайдалана отырып мүліктік пайда, игіліктер не артықшылықтар алу үшін сыйлықтар бермеу және қызметтік емес қызметтер көрсетпеу;

4) әділ қызметтік шешім қабылдауға ықпал етуі мүмкін өзара қарым-қатынастардың белгіленген тәртібін бұзатын заңсыз өтініштермен әріптестері мен басшыларына жүгінуден тартыну;

5) басқа адамдарды сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға көндірмеу және ынталандырмау;



6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ашуда белсенділік таныту;

7) өздеріне мәлім болған сыбайлас жемқорлық фактілері туралы, сондай-ақ материалдарды тездетіп қарағаны үшін қандай да бір пайда алуға итермелеу не болмаса әуре-сарсаңға салу туралы басшылыққа дереу баяндау;

8) тікелей басшыға орындау үшін алынған өкімнің заңдылығына күмәнданғаны туралы жазбаша нысанда дереу хабарлау;

9) егер тікелей басшының өзі мүдделер қақтығысына тартылған болса, жоғары тұрған басшыға жүгіну;

10) кірістер алумен байланысты кәсіпкерлік және өзге де қызметті жүзеге асыруда біреуге көмек көрсетуден бас тарту.

11) егер лауазым жақын туыстық (ата-анасы, жұбайы, аға-інілері, апа-сіңлілері, балалары) қатынаста тұрған адамдардың тікелей бағыныстылығына немесе бақылауына байланысты болса, оны тағайындаудан бас тарту;

12) әріптестерінен жоғары құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті сақтауды талап ету және қолдау;

13) мүдделер қақтығысының, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың және олардың салдарларының ықтимал туындау себептері мен жағдайларын жою бойынша тұрақты негізде шаралар қабылдау;

14) үшінші тұлғалардың мүдделерін ұсыну немесе қолдау көрсетуден, сондай-ақ олардың атынан іс-әрекеттер жасаудан аулақ болу қажет.

19. Қызметкерлерді іріктеу және орналастыру бойынша кадрлық жұмысты ұйымдастыру кезінде:

1) тағайындау материалдарын қараудың белгіленген мерзімдерін сақтау;

2) жұмысқа қабылдау кезінде лауазымды тұлғаларға жүктелетін негізгі міндеттерді, тыйымдар мен шектеулерді түсіндіру;

3) кадрларды іріктеу кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау;

4) жұмысқа кандидаттардан еңбек шартын жасасу үшін қатысы жоқ құжаттарды талап етпеу;

5) жұмыскерлерге қатысты қызметтік тергеп-тексерулерді объективті және жан-жақты жүргізу қажет;

20. Нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындау кезінде:

1) құқықтық актілердің жобалары әзірленген жағдайда мүдделі мемлекеттік органдарға келісуге жіберілгенге дейін жария талқылау үшін Қоғамның сайтына орналастыру;

2) Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын құқықтық актілердің жобалары, олар сараптамалық кеңестің отырысында қаралғанға дейін, интернет-ресурстарды қоса алғанда, бұқаралық ақпарат құралдарында міндетті түрде жариялану (таратылу);

3) Сыбайлас жемқорлық факторлары немесе олардың белгілері бар нормаларды құқықтық актілерде қолданбау қажет.

21. Лауазымдық міндеттерін орындау кезінде туындайтын бағынышты жұмыскерлерге қатысты басшылардың өзара қарым-қатынасы кезінде:



- 1) бағынысты жұмыскерлердің қызметтік өкілеттіктерінің міндеттері мен көлемін нақты және анық айқындау;
- 2) қарамағындағы жұмыскерлер арасында еңбек жүктемесін біркелкі бөлмеуге жол бермеу;
- 3) олардың қызметінің нәтижелерін бағалау кезінде, сондай-ақ көтермелеу және жазалау шараларын қолдану кезінде әділдік пен объективтілік таныту;
- 4) бағынысты жұмыскерлерге қатысты негізсіз айыптауларға, дөрекілік, адамдық қадір-қасиетін кемсіту, жөнсіздік, орынсыз мінез-құлық фактілеріне жол бермеу;
- 5) нақты орындалмайтын немесе олардың лауазымдық міндеттерінен тыс, сондай-ақ заңнамаға қайшы келетін өкімдер бермеу;
- 6) қызметтен тыс сипаттағы мәселелерді шешу кезінде қарамағындағылардың қызметіне ықпал ету үшін қызмет бабын пайдаланбау;
- 7) қарамағындағы жұмыскерлерді сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға мәжбүрлемеу;
- 8) кадр мәселелерін шешу кезінде меритократия қағидаттарын сақтауды қамтамасыз ету, туыстық, жерлестік және жеке басына берілгендік белгілері бойынша артықшылық көрсетпеу;
- 9) қызметтік емес сипаттағы мәселелерді шешу кезінде қызметке ықпал ету үшін өзінің қызметтік жағдайын пайдаланбау;
- 10) әріптестердің өздерінің лауазымдық міндеттерін орындауы барысында туындаған мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі түбегейлі шараларды уақтылы қабылдау;
- 11) басшылыққа қатысты жеке басына берілгендік танытуға және олардың лауазымдық мүмкіндіктері есебінен пайда мен артықшылықтар алуға ұмтылуға жол бермеу;
- 12) автокөлік құралдарын қоса алғанда, мүліктің сақталуын қамтамасыз ету, меншікті қызметтік мақсаттарда ұтымды, тиімді пайдалану қажет.

### **5.3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды орындау**

22. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін тәртіптік немесе материалдық жауаптылық тәртіптік комиссияның шешімімен белгіленеді.


23. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың сақталуын бақылау Қоғамның тиісті құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына жүктеледі.



**6. КЕЛІСУ ПАРАҒЫ**

**ӨЗІРЛЕДІ:**


**Ішкі қауіпсіздік  
департаментінің директоры**



**М. Шингисов**


**КЕЛІСТІ:**

**Заң департаментінің директоры**



**Ә. Түгел**

**Бас тәуекел менеджері**



**Г. Куналиева**







**8. ТАНЫСУ ПАРАҒЫ**

<b>№</b>	<b>Аты-жөні</b>	<b>Танысқан күні</b>	<b>Қолы</b>
1.			
2.			
3.			
4.			
5.			
6.			
7.			
8.			
9.			
10.			
11.			
12.			
13.			
14.			
15.			
16.			
17.			
18.			
19.			
20.			
21.			
22.			
23.			
24.			
25.			
26.			
27.			